«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

08-А-764/703
27.07.2021

«Жылыой Тазалық» ЖШС-не

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 09.07.2021 жылғы **№113362** *(09.07.2021 жылы №3Т-А-764 санымен тіркелген)* «Жылыой ауданы құрылыс бөлімі» ММ-мен (*бұдан әрі – Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші*) ашық конкурс тәсілімен өткізілген №5869695-1 «*Жаңа Қаратон кентінің санитарлық тазалығына қызмет көрсету*» *(№40443560-ОК3*) конкурсына қатысты жазылған шағымыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды:

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады.

-мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың *(бұдан әрі - КҚ)* 2 тармағында осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы КҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес лоттардың тізбесін;

2) осы КҚ-ға 1-1, 1-2, 1-3 және 1-4-қосымшаларға сәйкес біліктілік талаптары;

3) осы КҚ-ға 2, 2-1, 2-2 және 2-3-қосымшаларға сәйкес, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті әзірлейді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі.

Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб порталына орналастырылған КҚ-ның 1-4 қосымшасының 4 тармағында: *вакум – 1, Автогидроподъемник (АГП)– 1, погрузчик – 1, щеточное оборудование для очистки снега на трактор - 1, трактор с прицепом -1, поливомоечная машина -1, рабочие -10 адам, мастер – 1адам* деп қатысушы әлеуетті өнім

берушілерге <u>қажетті материалдық және еңбек ресурстарының</u> болуы туралы біліктілік талаптары қойылғандығы анықталды.

ҚҚ-ның 6 қосымшасының 4 және 5 тармақтарының *«растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындау үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтер»* болатындығы көрсетілген.

Қағиданың 150 тармағының 1 тармақшасында *«әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы»* деп көрсетілген.

Сондай-ақ, конкурстық құжатамаға 6 қосымшасының ескертуінің 2 тармағында *«Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растау құжаттарының электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.»* делінген.

Сонымен қатар, конкурстық құжатамаға 6 қосымшасының ескертуінің 3 тармағында *«Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс»* делінген.

Камералдық бақылаумен «Мұздыбаева К.К» ДК-нің біліктілік туралы мәліметтерінің конкурстық құжаттамаға 6 қосымшасының 4 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамада талап етілген материалдық және еңбек ресурстардың растайтын құжаттарының толық ұсынылғаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91 бабының 1 тармағына сәйкес, Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты әкімшілік әрекеттерге (әрекетсіздік) шағым жасауға құқылы.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:А.Сейтфеев
Тел:87122319038